

Таңбалануға жататын тауарлар тізбесін айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № 568 қаулысы "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 11-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес таңбалануға жататын тауарлар тізбесі айқындалсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 568 қаулысына
қосымша

Таңбалануға жататын тауарлар тізбесі

| Еуразиялық экономикалық Р/ одақтың сыртқы с экономикалық № қызметінің тауар номенклатурасының коды | Тауардың атауы | Енгізілетін күні |
|--|---|---------------------|
| 1 2 | 3 | 4 |
| 1. 2402209000 | Құрамында темекі бар өзге де сигареталар | 2020 жылғы 1 қазан* |
| 2. 2403999009 | Өнеркәсіпте жасалған өзге де темекі және өнеркәсіптік темекі алмастырғыштар; өзге де темекі сығындылары мен эссенциялары | 2021 жылғы 1 сәуір |
| 3. 2402201000 | Құрамында темекі бар темекі, сигаралар, ұштары кесілген сигаралар, сигариллалар және темекіден немесе оны алмастырғыштардан жасалған құрамында қалампыр бар сигареталар | 2021 жылғы 1 сәуір |
| 4. 2402900000 | Өзге де сигаралар, ұштары кесілген сигаралар, темекіден немесе оны алмастырғыштардан жасалған сигариллалар мен сигареттер | 2021 жылғы 1 сәуір |
| 5. 2402100000 | Ұштары кесілген сигареталар, сигаралар және құрамында темекі бар сигариллалар | 2021 жылғы 1 сәуір |
| 1 2 | 3 | 4 |

| | | |
|---------------|---|--------------------|
| 6. 2403110000 | Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының "Дайын тамақ өнімдері; алкогольді және алкогольсіз сусындар мен сірке суы; темекі және оны алмастырғыштар" деген IV бөлімінің "24. Темекі және темекіні өнеркәсіптік алмастырғыштар" 1-тобының субпозициясына ескертпеде көрсетілген кальянға арналған темекі | 2021 жылғы 1 сәуір |
| 7. 2403191000 | Бастапқы орамада нетто-салмағы 500г аспайтын кез келген пропорцияда темекі алмастырғыштары бар немесе жоқ өзге де шегілетін темекі | 2021 жылғы 1 сәуір |
| 8. 3824999209 | 20°С температурада сұйық болатын, басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, басым бөлігі органикалық қосылыстардан тұратын өзге де химиялық өнімдер немесе препараттар | 2021 жылғы 1 сәуір |

*2020 жылғы 1 қазаннан бастап – көтерме сауданы жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілерін қоспағанда, бөлшек сату кезінде таңбаланған тауарларды айналымнан міндетті түрде шығара отырып, өндірушілер мен ішкі сауда субъектілері үшін. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – тауар айналымына барлық қатысушылар үшін таңбаланған тауарлардың қадағалануы туралы құжаттардың міндетті үзіндісімен.